

## Бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № 303 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 27 сәуірде № 13635 болып тіркелді.

"Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):
  - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;
  - 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;
  - 4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2016 жылғы 30 наурыздағы  
№ 303 бұйрығымен бекітілген

## Бағалы металдарды өндіру субъектілерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 14.08.2019 № 640 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Бағалы металдарды өндіру субъектілерінің атауы	БСН	Орналасу орны	Байланыс телефоны	Электрондық поштасы, факс	Технологиялық операциялардың түрлері	Құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларының түрлері
1	"Казцинк" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	970140000211	Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Промышленная көшесі, 1 үй.	8 (7232) 291001	kazzinc@kazzinc.com, 8 (7232) 291355	қайта өңдеу (байыту, алу); аффинаждау	өңделмеген бағалы металдар (оның ішінде, құйма түріндегі Доре қорытпасы, катодты металдар), мырыш шөгінділері; зергерлік бұйымдардың сынықтары; бағалы металдардың кендері мен концентраттары; құрамында бағалы металдар бар түсті металдардың кендері, концентраттары және күлі, түсті металдар өндірісінің жартылай өнімдері
							өңделмеген бағалы металдар (оның ішінде, құйма түріндегі Доре қорытпасы, катодты металдар), мырыш шөгінділері; зергерлік

2	"Kazakhmys Smelting (Қазақмыс Смэлтинг)" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	110440001807	Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Ленин көшесі, 1 үй.	8 (71036) 62255	Dinara.Bo@kazakhmys.kz 8 (71036) 63478	қайта өңдеу (байыту, алу); аффинаждау	бұйымдардың сынықтары; бағалы металдардың кендері мен концентраттары; құрамында бағалы металдар бар түсті металдардың кендері, концентраттары және күлі, түсті металдар өндірісінің жартылай өнімдері
3	"Тау-Кен Алтын" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	091240012920	Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, А194 көшесі, 1-үй.	8 (7172) 30 94 24	info@taukenaltyn.kz 8 (7172) 30 94 24	аффинаждау	өңделмеген бағалы металдар (оның ішінде, құйма түріндегі Доре қорытпасы, катодты металдар), мырыш шөгінділері; зергерлік бұйымдардың сынықтары